Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»

1595676622

12TPM1Pk22

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №681031/2022/1

18.04.2022 жылғы

«Казахойл-Актобе» ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Жарғы, негізінде әрекет ететін Бас директор Чжао (Zhao) Цзичэнь (Jichen) атынан, бір жағынан, және Товарищество с ограниченной ответственностью "TREU" бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, Устав, негізінде әрекет ететін Директор Нұрланқызы Бибинур атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2019 жылғы «9» қыркүйектегі № 31/19)«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 681031 негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегідей келісімге келді.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1-қосымшаға сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі - Жұмыс) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттерін тиісті түрде орындау шартымен осы Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы 19756194.36 (он тоғыз миллион жеті жүз елу алты мың жүз тоқсан төрт теңге, отыз алты тиын) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Стандартта аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

2.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

2.4.1. Электрондық құжат нысанында Шарттың (электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - Жүйе) соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен қоса беріледі) аясында орындалған Жұмыстардың бүкіл көлемі үшін жергілікті қамту үлесін есептеу;

2.4.2. Шот-фактуралар;

2.5. Жұмыстар құнының есебі осы Шартқа № 4 Қосымшада жазылған.

2.6. Орындалған Жұмыстардың актісі (лері) Тапсырыс берушіге Жүйе арқылы жіберіледі. Орындалған Жұмыстардың актісін (лерін) Жүйеде электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға рұқсат беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

2.8. Мердігер шот-фактураны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде беруге міндетті. Шот-фактураларды ресімдеу жөніндегі салық заңнамасының талаптары сақталмаған жағдайда, Тапсырыс беруші бұзушылықтар жойылғанға дейін ақы төлеуге шот-фактураларды қабылдамауға құқылы.

2.9. Тараптардың әрқайсысы өзінің салық құжаттамасын жасауға және сақтауға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салынатын кез келген салықтарды, баждарды, жарналарды, лицензияларды және қалған алымдарды (сондай-ақ кез келген тиісті айыппұлдарды, өсімпұлдарды немесе пайыздарды) төлеуге жауапты болады.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары және орны

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, көлемі және орны осы Шарттың №1, №2, №5 -қосымшаларында белгіленеді.

3.2. Тапсырыс беруші Жұмыстарды Шарттың № 1, № 2-қосымшаларына сәйкес орындалған Жұмыстардың актісіне сәйкес көлем және сапа бойынша қабылдайды. Жұмыстарды орындау күні Тапсырыс берушінің соңғы орындалған Жұмыстар актісіне қол қойған күн болып табылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

4.1.2. Осы Шарт бойынша және өткізілген тендердің талаптарына сәйкес жұмыстарды орындау үшін жеткілікті мөлшерде персоналмен, жабдықтармен және қажетті материалдармен қамтамасыз ету .

4.1.3. Тапсырыс берушінің кен орындарында болған кезеңде өз персоналының тұруын, тамақтануын және медициналық қызмет көрсетуін өз есебінен және өз күшімен қамтамасыз ету.

4.1.4. Өз қызметкерлерін жеке қорғаныс құралдарымен және арнайы киіммен өз есебінен қамтамасыз ету.

4.1.5. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін жеткілікті персоналдың тұрақты болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша Жұмыстарды орындауға қатысатын Мердігердің және/немесе қосалқы мердігердің кез келген персоналын ауыстыру, ол:

4.1.5.1. Өз міндеттерін орындау кезінде біліксіздік немесе немқұрайлылық көрсетті, немесе

4.1.5.2. Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін қызметке қатысады, немесе

4.1.5.3. Еңбек қауіпсіздігіне, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауға қатысты Шарт талаптарын сақтамайды.

4.1.6. Мердігер Тапсырыс берушіге дереу ескертуге және одан нұсқаулар алғанға дейін Жұмыстарды орындауды тоқтата тұруға міндетті:

4.1.6.1. Жұмыстарды орындау тәсілі туралы оның нұсқауларын орындаудың Тапсырыс беруші үшін ықтимал қолайсыз салдарлары;

4.1.6.2. Орындалатын Жұмыстардың сапасына қауіп төндіретін не оны мерзімінде аяқтауға мүмкіндік бермейтін Мердігерге байланысты емес өзге де мән-жайлар

4.1.7. Егер Мердігер Тапсырысшыға 4.1.6-тармақта көрсетілген мән-жайлар туралы ескертпеген, не ескертуге жауап беру үшін ақылға қонымды мерзімді күтпестен немесе Тапсырыс берушіге Жұмыстардың орындалуын тоқтата тұру туралы уақтылы нұсқау бергеніне қарамастан, Жұмыстарды орындауды жалғастырған жағдайда, оған немесе олар Тапсырыс берушіге тиісті талаптар қойған кезде көрсетілген мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

4.1.8. Орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде анықталған ақаулар мен кемшіліктерді өз есебінен уақтылы жою.

4.1.9. Осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Тапсырыс беруші соңғы шотты төлегеннен немесе орындалған Жұмыстар Актісіне қол қойғаннан кейін 12 ай кезеңінде Тапсырыс берушінің жазбаша сұрау салуы негізінде осы Шартты орындауға байланысты ақпаратты ұсынуға, оған салыстыру Актісі, шот-фактуралар, қызметтерді қабылдау актілері, сметалар, шарттық бағаны есептеу кіреді, бірақ онымен шектелмейді.

4.1.10. Жұмыстардағы жергілікті қамту үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Жергілікті қамту үлесі бойынша жалған ақпарат берген жағдайда Мердігер Стандарт пен Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.11. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы құнының 1 % мөлшерінде ішінде Банк кепілдігі, Сақтандыру шарты, Төлем тапсырмалары түрінде енгізу. Осы міндеттеме, егер ол Стандарттың 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, мердігерге қолданылмайды.

4.1.12. Тапсырыс берушіге соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен бірге Шарт аясында орындалған Жұмыстардың көлемі бойынша жергілікті қамту үлесінің есебін электрондық құжат түрінде беру (Жүйеде беріледі).

4.1.13. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушімен анықталған Жұмыстарда кемшіліктерді жою.

Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Жұмыстардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

4.1.14. Тапсырыс берушінің объектілеріне бару үшін уақытша рұқсаттамалар алуға өтінімді ресімдеу, ол Тапсырыс берушінің күні бұрын (Тапсырыс берушінің объектілеріне (кен орнына) жоспарланған бару алдында кемінде 3 күн бұрын) берілуі тиіс. Өтінімде кесте нысанында: Шарттың (егер бар болса ұзарту туралы қосымша келісімнің) нөмірі мен жасалған күні, қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мердігер ұйымның атауы, автомашинаның мемлекеттік нөмірі (егер қызметкер осы автомашинаның немесе арнайы техниканың жүргізушісі болса), рұқсаттама сұралатын мерзім көрсетілуге тиіс. Автокөлік құралына рұқсаттама беруге арналған өтінімге жүргізушінің жүргізуші куәлігінің көшірмесі, техникалық паспорты, техникалық қарап-тексеру және мердігер бөгде автокөлікті тартқан жағдайда жалдау немесе жалдау шартының көшірмесі қоса берілуге тиіс. Тапсырыс беруші кен орнына кіруге арналған рұқсаттамалар Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС кеңсесі, Ә.Молдағұлова даңғылы 46, «Капитал-плаза» Бизнес орталығы мекенжайы бойынша беріледі.

4.1.15. Осы Шарттың №7 Қосымшасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптарды сақтау.

4.1.16. Санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың сақталуына кепілдік беру, оның ішінде Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің кен орындары объектілерінде жұмыстарды орындау үшін кіруді жүзеге асыратын жұмыскерлердің коронавирустық инфекциясына зертханалық зерттеу нәтижелерінің не вакцинация паспортының болуын қамтамасыз ету. Зертханалық зерттеулер нәтижелерінің әрекет ету мерзімі сынама алынған сәттен бастап 5 күнтізбелік күннен аспайды.

4.1.17. Мердігер жұмыстарды тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен орындауға міндеттенеді. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды мәні бірдей мамандарды ауыстыруға құқылы.

4.1.18. Тапсырыс берушіде Мердігердің және/немесе оның бірлесіп орындаушыларының еңбекке ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бергені туралы мәліметтер болған кезде шарт бойынша жұмыстарды орындауға тартылған Мердігердің және/немесе оның

бірлесіп орындаушыларының талап етуі бойынша және Тапсырыс беруші айқындаған мерзімдерде олардың азаматтығын және әрбір лауазым бойынша төленген жалақы сомаларын көрсете отырып, Мердігердің және/немесе оның бірлесіп орындаушыларының шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде еңбегіне ақы төлеуге байланысты мәселелер бойынша.

4.1.19. Тауардың шығарылған жерінің сертификаттарымен расталған, өздері шығаратын тауарлардың номенклатурасы бойынша сатып алынатын тауардың отандық тауар өндірушілері өндіретін жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу (СТ KZ нысаны).

4.1.20. Мердігер индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын, жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің (бар болса) дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды көрсетуге міндеттенеді.

4.2. Тапсырыс беруші міндетті:

4.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстарды қабылдауға.

4.2.2. Мердігерден Орындалған Жұмыстардың актісін алған күннен кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде шағымдар болмаған жадғайда Орындалған Жұмыстардың актісіне қол қоюға.

4.2.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (дерді) жасау.

4.2.4. Мердігерге өзі енгізген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ол Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға.

4.2.5. Енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару Мердігер мен Тапсырыс беруші арасындағы өзара есеп айырысуларды салыстырып тексерудің қол қойылған актісімен расталған шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап жүзеге асырылады.

4.2.6. Тапсырыс берушінің енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару жөніндегі міндеттемесі Мердігердің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шартты бұзу жағдайларына қолданылмайды.

4.3. Мердігер құқылы:

4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (терді) талап етуге.

4.3.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған Жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап етуге;

4.3.3. Тапсырыс берушіден өсімпұлдың, айыппұлдың және залалдың сомасын төлеуді талап етуге;

4.3.4. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.3.5. Стандартта және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу;

4.3.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Жеткіуші көрсеткен қосалқы мердігерлерге қосалқы мердігерлікке жиынтығында жұмыс көлемінің (құнының) ¼ - нен аспайтын бөлігін беру. Орындаушының Шартқа сәйкес көрсетілетін Жұмыстардың бір бөлігін қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тарту тендерлік құжаттамада және өтінімде (сатып алу стандартына сәйкес өткізілмеген тендер қорытындылары бойынша тендер тәсілімен немесе бір көзден алу тәсілімен сатып алу жүзеге асырылған жағдайда) немесе шартқа қосымша болып табылатын техникалық ерекшелікте (сатып алу өзге тәсілдермен жүзеге асырылған жағдайда) көзделген, сондай-ақ берілетін жұмыстардың көлемі жоғарыда аталған құжаттарда көрсетілген көлемнен аспайтын жағдайда, шартқа, жұмыстарды орындау үшін талап етілетін құрылтай құжаттарының және қосалқы мердігер қызметкерлерінің біліктілігін растайтын құжаттардың, рұқсат беру құжаттарының, рұқсат беру құжаттарының, оның ішінде лицензиялардың, сертификаттардың, шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттардың және өзге де рұқсат беру құжаттарының көшірмелерін ұсына отырып, Тапсырыс берушіні қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) болжамды жұмысы басталғанға дейін 10 (он) күннен кешіктірмей алдын ала хабардар ете отырып , қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуды регламенттейтін негіздер Шартты орындау үшін қосалқы мердігер тартылған жағдайда, Орындаушы қосалқы мердігердің осы Шарттың барлық талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімақы, айыппұл және шығындар сомасын төлеуді талап етуге.

4.4.2. Шарттың құнын тиісті түрде азайта отырып, Жұмыстарды немесе Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Стандартта және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға.

4.4.4. Егер Мердігер шартты уақтылы орындауға кіріспесе немесе жұмысты соншалықты баяу орындаса, оны мерзімінде аяқтау анық мүмкін болмаса, Тапсырыс беруші шарттан бас тартуға және залалды өтеуді талап етуге құқылы.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жұмыстар аяқталғаннан кейін мердігер ағымдағы ай үшін ҚР Қаржы министрлігі бекіткен нысан бойынша орындалған жұмыстар Актісін (бұдан әрі-Акт) екі данада жасайды және Тапсырыс берушінің бекітуіне жібереді.

5.3. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап шығу жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.4. Орындалған Жұмыстардың тиісті емес көлемі мен сапасы мәселелері бойынша хабарламаны Тапсырыс беруші Мердігерге кемшіліктер, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес кемшіліктер (жасырын ақаулар) анықталған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді. Егер Мердігер Тапсырыс берушінің хабарламасына 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай хабарлама Мердігермен мойындалған болып есептеледі және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен хабарлама алған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген барлық ескертулер мен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

5.5. Жұмыстардың жеткілікті көлемі және қажетті сапасы анықталмаған жағдайда Жеткізуші 5 (бес) жұмыс күндері ішінде Жұмыстардың жеткізілмеген және сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді, мұндай жағдайда Жұмыстардың жеткізілмеген бөлігін жеткізу бойынша шығындар Жектізушімен төленеді.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Мердігер Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес Жұмыстардың сапасына кепілдік береді. Мердігер осы Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар Тапсырыс берушінің Жұмысты қалыпты пайдалануы кезінде конструкция, материал немесе жұмысұа байланысты ақаулар болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Мердігер орындалған Жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 12 месяцев белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде жұмыстардағы ақаулар немесе Шарт талаптарына сәйкессіздік анықталса, мердігер өз есебінен тараптардың келісімі бойынша, бірақ Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап 90 (тоқсан) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақауларды жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою жөніндегі барлық шығыстарды мердігер көтереді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігердің жауапкершілігі:

7.2.1. Мердігер Шартта айтылған Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге уақтылы орындалмаған Жұмыстар құнының 0,01%-ы мөлшерінде, кешіктірудің әрбір күнтізбелік күні үшін, бірақ уақтылы орындалмаған Жұмыстардың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.2. Мердігер Шарттың талаптарына сәйкес анықталған ақауларды уақытында жою мерзімдерін өткізіп алса, Мердігер Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбы түрінде әр кешіктірілген күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0.01 % тең соманы төлейді, Шарттың жалпы сомасынан 10 % артық емес.

7.2.3. Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша Жұмыстарда жергілікті қамтудың үлестің нақты есебін бермеген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% артық емес мөлшерде әр кешіктірілген күн үшін Шарттың сомасынан 0,01% мөлшерінде айыппұлды төлейді;

7.2.4. Жұмыстарға қатысты кемшіліктерді жою мерзімін негізсіз өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге әр кешіктірілген күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 10% артық емес мөлшерде Жұмыстарға қатысты мерзімінен кеш жойылған ескертпелердің сомасынан 0,01% мөлшерде өсімпұлды төлейді;

7.3. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тапсырыс берушімен осы Шарт бойынша төленетін өсімпұлдың (айыппұлдардың) сомасын шегеруге келіседі.

7.4. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелерді 1 (бір) айдан артық орындамаған жағдайда, Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігер Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.5. Егер Мердігер Шарттың 4.1.11.-тармағында белгіленген мерзім ішінде шартты орындауды қамтамасыз етуді тапсырмаса, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіпте бұзады және әлеуетті жеткізушімен тапсырылған өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

7.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.6.1. Шарт бойынша төлемдерді негізсіз мерзімінен кеш төлеген жағдайда (соның ішінде аванс төлемдерді) Тапсырыс беруші Мердігерге қарыздың жалпы сомасынан 10% аспайтын мөлшерде әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін қарыз сомасынна 0,01% мөлшерінде өсімпұлды төлейді.

7.6.2. Мердігердің Шартты орындауды қамтамасыз етуді қайтаруды негізсіз кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге

Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан 10% аспайтын мөлшерде әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шартты орындауды қамтамасыз етудің сомасынан 0,01% мөлшерінде өсімпұлды төлейді.

7.6.3. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды негізсіз кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіден орындалған Жұмыстардың актісінің сомасынан 10% аспайтын мөлшерде әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін орындалған Жұмыстардың актісінің сомасынан 0,01% мөлшерінде өсімпұлды төлеуді талап етуге құқылы.

7.6.4. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардың актісіне қол қоюды негізсіз кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіден орындалған Жұмыстардың актісінің сомасынан 10% аспайтын мөлшерде әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін орындалған Жұмыстардың актісінің сомасынан 0,01% мөлшерінде өсімпұлды төлеуді талап етуге құқылы.

7.7. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші орнатылған тәртіпте Холдингтің сенімсіз жеткізушілерінің тізіліміне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін Сатып алу бойынша қордың Операторына ақпаратты жібереді.

7.8. Шарттан толық көлемде бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.9. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші осыған қатысты есептелген және залалға қатысты пайда болған айыппұл сомасын Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан ұстап алуға құқылы.

7.10. Шарттың мерзімі аяқталғанда Тапсырыс берушінің алдын ала төлемінен кем сомаға Жұмыс нақты орындалғанда Тапсырыс беруші төленген авансты қайтаруды қамтамасыз етудің сомасынан сәйкес айырманы ұстап алуға құқылы.

7.11. Мердігер осы Шартта белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда:

7.11.1. Шартты біржақты тәртіппен бұзады.

7.11.2. Тендерге қатысуға енгізілген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

7.11.3. Холдингтің сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін белгіленген тәртіппен сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

7.12. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттерді орындаудан босатпайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Стандартқа сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Стандарттың тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

8.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Мердігер өз міндеттерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Жұмыстарда негізді жөнсіздіктің себебінен, атап айтқанда:

8.3.3.1. Апаттық жағдайға немесе экономикада басқа теріс құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығындары азайғанда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалық атқарушы органының/байқау кеңесінің (басқару органының/жоғары органның (қатысушылардың жалпы жиналысы) алқалық атқарушы органы/байқау органы болмаған жағдайда) шешімінің негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.

Жұмыстарда негізді жөнсіздікке байланысты Тапсырыс беруші Мердігерге шығындарды өтеу шартымен шартты орындаудан бас тартуға рұқсат беріледі.

8.4. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші Мердігерге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шарт бұзылған кезде мердігердің шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар. Көрсетілген мерзімдер мердігердің шартты орындаудан бас тартқан, сондай-ақ жұмыстарды 1 (бір) айдан артық орындамаған жағдайларға қолданылмайды, бұл жағдайда Тапсырыс беруші болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын хабарлама жібереді.

8.5. Егер «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу бойынша өкілетті органы сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші шарттан біржақты тәртіпте бас тарта алмайды.

Мұндай жағдайда шартты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Шартты бұзу күніне қарай нақты шығындарды төлеу шартымен Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзуға болады.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кесірінен бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіден Шартты тиісті түрде орындамау нәтижесінде пайда болған шығындарды және залалдарды, сонымен қатар өсімпұл мен айыппұл сомаларын өтеуді талап етуге құқылы.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің почтаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі. Тараптардың орналасқан жері өзгерген және бұл туралы 18.5-тармаққа сәйкес хабарламаған жағдайда., жіберілетін хаттар, хабарламалар және т.б. белгі жасалғаннан кейін курьермен жеткізілген/алынған болып саналады (адресат кеткен).

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді

заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтынына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының жүйесінде және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді болатынына өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Стандартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың нысанасына жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

15. Қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау

15.1. Мердігер Қазақстан Республикасының ҚТ және ҚОҚ талаптары бойынша заңнамасын, сондай-ақ «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС келісімшарттық аумағында жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бойынша өзара қарым-қатынастар және міндеттер мен жауапкершіліктің аражігін ажырату туралы ережені сақтауға міндеттенеді (№6 Қосымша).

15.2. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде мердігер мердігер өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар үшін, оның ішінде мердігер жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырыс беруші мен бақылаушы мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болуға міндеттенеді.

15.3. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ мердігер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауы мәніне тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге міндеттенеді.

15.4. Мердігер Тапсырыс берушіге еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама мен Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының талаптарын сақтамауына байланысты мердігердің кінәсінен туындаған мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалар тарапынан қойылған шағымдарға, сот талап-арыздарына, айыппұлдарға байланысты шығыстар мен залалдарды толық өтейді.

16. Сақтандыру

16.1. Осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде мердігердің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті сақтандырудың барлық түрлері болуға тиіс.

17. Жұмыстарды қорғау. Тәуекелдерді бөлу

17.1. Мердігер: – Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтарын, мердігерге акт бойынша берілген Тапсырыс берушінің жабдықтарын, лагерьлер мен өзге де қосалқы объектілерді, мердігер персоналының өмірі мен денсаулығын-шарт бойынша барлық жұмыстар басталған күннен бастап (тиісінше Тапсырыс берушінің жабдығын мердігердің қарамағына берген күннен бастап) және шарт бойынша барлық жұмыстар аяқталған күнге дейін тиісінше қорғауды қамтамасыз етеді. Осы мақсатта Мердігер Тапсырыс берушімен келісілген күзет қызметімен айналысуға тиісті лицензиясы бар уәкілетті күзет ұйымын тартады, содан кейін өткізу режимінің сақталуын қамтамасыз етеді және өзге де қажетті іс-шараларды орындайды.

17.2. Мердігер мердігер персоналы уақытша тұратын жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етеді.

18. Басқа шарттар

18.1. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды. Тараптар алмасатын Шартқа

қатысты барлық хат алмасу және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

18.2. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

18.3. Төменде санамаланған құжаттар мен оларда айтылған талаптар Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

18.3.1. №1 Қосымша-сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

18.3.2. №2 Қосымша-техникалық ерекшелік;

18.3.3. №3 Қосымша-жергілікті қамту үлесі бойынша есептілік нысаны;

18.3.4. №4 Қосымша-жұмыс құнын есептеу;

18.3.5. №5 Қосымша-жұмыстардың күнтізбелік кестесі;

18.3.6. Қосымша – «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС шарттық аумағында жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бойынша өзара қарым-қатынастар және міндеттер мен жауапкершіліктердің аражігін ажырату туралы Ереже;

18.3.7. Қосымша-еңбек қатынастары саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар.

18.4. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

18.5. Тарап осындай өзгерістер болған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде өзінің мекенжайы мен банк деректемелерінің өзгергені туралы екінші Тарапты хабардар етуге міндетті. Мұндай өзгерістер туралы екінші Тарапты хабардар етпеген Тарап екінші Тараптың бұрынғы мекенжайы және банк деректемелері бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты теріс салдарлар тәуекелін көтереді.

19. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

«Казахойл-Актобе» ЖШС Ақтөбе облысы, Пр. Алии Молдагуловой, 46 БСН 990940002914 БСК HSBKKZKX ЖСК KZ236010121000033240 АО «Народный сберегательный банк Казахстана» Тел.: +7 (713) 293-3299 Бас директор Чжао (Zhao) Цзичэнь (Jichen)	Товарищество с ограниченной ответственностью "TREU" Атырау облысы, Атырау Қ.Ә., Махамбет көшесі, 116 Е БСН 881240000090 БСК KCJBKZKX ЖСК KZ468560000000010902 "Банк ЦентрКредит" АҚ Тел.: +7 (712) 232-1397 Директор Нұрланқызы Бибинур
18.04.2022 11:28:57	18.04.2022 13:26:37

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»

1595676622

№1 қосымша

№681031/2022/1 от 18.04.2022 жылғыкелісім-шарт үшін

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізімі

ЖП тармағының №	Атауы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттамасы	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
65 Р		УП в жүйесінің тауарлық суын дайындау қондырғысын жаңғырту және кеңейту	1.000	1.000	-	Иә	19 756 194.36	КАЗАХСТАН, Актюбинская область, Актюбинская область, Мугалжарский район, м/р "Алибекмола"	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 31.10.2022 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АК электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»
Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АК электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»
1595676622

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

Қосымша №2

681031 сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Шартқа №681031/2022/1 от 18.04.2022 жылғы

Лот № 1 (65 Р, 2484110)

Тапсырыс беруші: «Казахойл-Актобе» ЖШС

Мердігер: Товарищество с ограниченной ответственностью "TREU"

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	65 Р
Атауы және қысқаша сипаттамасы	
Қосымша сипаттама	УП в жүйесінің тауарлық суын дайындау қондырғысын жаңғырту және кеңейту
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Ақтөбе облысы, Актюбинская область, Мугалжарский район, м/р "Алибекмола"
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап 31.10.2022 дейін.
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

ТЕХНИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

«УППВ жүйесінің тауарлық суын дайындау қондырғысын жаңғырту және кеңейту» нысанның жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары.

2.1. Мердігер осы Техникалық ерекшелікке сәйкес, «УППВ жүйесінің тауарлық суын дайындау қондырғысын жаңғырту және кеңейту» нысаны бойынша жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлейді.

2.2. Жұмыстар толық көлемде осы техникалық ерекшелікке сәйкес «ҚСЖ жүйесінің өндірістік су тазарту қондырғысын жаңғырту және кеңейту» нысанының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу бойынша жүргізілуі тиіс.

3. Жұмыс сапасының кепілдігі.

3.1. Мердігер Тапсырыс берушіге ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңының 69-бабына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау Актісіне қол қойылған

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз тасымалдағыштағы құжатпен бірдей.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 Закона РК от 7 января 2003 года N370 "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»
Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»
1595676622

күннен (кезден) бастап, 24 ай мерзімге жұмыстардың сапасына, оның ішінде ұсынылатын жабдықтар мен материалдарға, сондай-ақ жұмыстардың нәтижесін құрайтын барлық элементтерге кепілдік береді.

4. Жұмыстарды орындау бойынша талаптар.

№№ п/п	**Тапсырманың құрамына**	**Деректер мен талаптардың сипаттамасы**
4.1	Жобалау негізі	2022 жылғы арналған өндірістік бағдарлама
4.2	Құрылыс түрі	Жаңа құрылыс
4.3	Жобалау кезеңділігі	Бір кезеңдік
		- Құрамы мен мазмұны бойынша жобалық-сметалық құжаттама Қазақстан Республикасының аумағындағы қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сай болуы керек; - Жобалық-сметалық құжаттаманы қазақша және орысша тілдік нұсқаларында әзірлеу2 данаҚағаз тасығыштағы ЖСҚ және бір ЖСҚ данасы электрондық нұсқада MS Word, Excel, PDF және AutoCad файл форматтарындағы берілсін. - ЖСҚ ҚР СТ 1662-2007 «Мұнай қабаттарын су басқан күннің суы. Сапаға қойылатын талаптар»:

№ п/п	**Көрсеткіштердің атауы**	**СТ РК 1662-2007 бойынша талаптар**

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»
Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»
1595676622

1	Жұмыс ортасының pH мәні	4,5…8,5
2	Оттегінің мөлшері	0,5 мг/л артық емес
3	Айдалатын судағы күкіртсутектің құрамы	Өнімді коллекторлар, құрамында күкіртсутегі жоқ немесе құрамы да темір иондары бар қойнауқаттық суларға айдалатын суда күкіртсутегі болмауы тиіс.

4.4	Жобалық құжаттамаға қойылатын талаптар	

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»
Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»
1595676622

		4	Айдалатын судағы СВБ құрамы	Сульфатты төмендететін бактерияларды (СВБ) болуына мұнай, газ және су құрамында күйіртсутегі жоқ қабаттарға айдауға арналған суда СВБ болуына жол берілмейді.
		5	Үш валентті темір иондарының құрамы.	Құрамында күкіртсутегі бар өнімді қабаттарды суландыру кезінде күкіртті Темірдің пайда болу мүмкіндігін, Судан үш валентті темір иондарынал қажеттілігі ен іс-шараларын белгілеу қажет.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»
Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»
1595676622

6	Судағы мұнай мөлшері	3 мг /л артық емес
7	Механоспал ардың мөлшері	3 мг /л артық емес

ЖСҚ тәулігіне **5670 м3** дейін ілеспе судың тәуліктік шығынын ұлғайту перспективасына көздеу және есептеу.

- Орындаушы ҚР қолданыстағы нормалары мен ережелеріне сәйкес мемлекеттік бақылау және инспекциялау органдарынан барлық қажетті мақұлдауларды, бекітулерді және келісулерді алады және кешенді ведомстволық емес сараптаманың оң қорытындысы береді;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»
Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»
1595676622

4.5	Жобалаудың ерекше шарттары	- Жұмыстарды орындау бойынша барлық шығыстар, оның ішінде: кешенді ведомстволық емес сараптаманың құны, материалдар мен жабдықтарды жеткізу, жұмылдыру мен демобилизацияны, сыйақыны, әлеуметтік қамсыздандыруды қамтитын жұмыстардың толық циклін орындау, шығындар, персонал мен көлік құралдарын, құрал-саймандар мен жеке қорғану құралдарын ұстауға арналған шығыстар, сапаны бақылау, тұрмыстық және құрылыс қалдықтары мен қоқыстарын шығару және кәдеге жарату, Мердігер есебінен атқарушылық құжаттаманың толық көлемін әзірлеу және жүргізу. Бұл ретте Мердігер құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің барлық уақытында өзін тұрғын үймен, тамақпен және медициналық қызмет көрсетумен, сондай-ақ электр энергиясымен, сумен және байланыспен, персоналды жұмыс орнына және кері қарай өз бетінше жеткізумен қамтамасыз етуге тиіс. - Сметалық-экономикалық бөлімді әзірлеу кезінде, жергілікті сметаны ресурстық әдіспен жасау, с

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
